



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 29 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2002 жылғы 9 қазан

Қаржы рыногындағы ахуал туралы

**Инфляция.** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2002 жылғы қыркүйекте инфляция 0,1% (2001 жылғы қыркүйекте – 0,2%) болды.

Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%-ке төмендеді. 2002 жылғы қыркүйекте қант – 3,1%-ке, көкөніс пен жеміс – 3,0%-ке, күріш - 0,8%-ке арзандады. Бірақ сүт өнімдерінің бағалары – 1,8%-ке, ет өнімдері - 0,8%-ке, балық пен шай - 0,4%-ке, сондай-ақ май - 0,4%-ке көтерілді. Басқа азық-түлік тауарларының бағасы шамалы ғана өзгерді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,2%-ке, ең бастысы, бағаның киімге – 0,8%-ке, аяқ киімге және жеке гигиена тауарларына – 0,5 %-ке өсуі есебінен қымбаттады. 2002 жылғы қыркүйекте 3,1% болған бензинге бағаның төмендеуі жалғасуда (жыл басынан бастап – 3,3%-ке өсім).

Халыққа ақылы қызмет көрсетуге тарифтер 0,3%-ке қымбаттады. Тұрғын үй-коммуналды саласының қызметі үшін ақы төлеу 0,1%-ке, денсаулық мекемелері - 0,6%-ке, мәдениет – 1,4%-ке, білім беру - 3%-ке көбейді.

Жыл басынан бері (2002 жылғы қыркүйектен 2001 жылғы қыркүйекке қарай) инфляция 3,5% болды, оның ішінде азық-түлік тауарлары – 3,1%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,6%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету - 4,1%-ке қымбаттады.

2002 жылғы қыркүйекте инфляцияның жылға шаққандағы деңгейі 6,1%-ке дейін (2002 жылғы тамызда – 6,2%) төмендеді.

**2002 жылдың 1-жартыжылдығындағы төлем балансы және сыртқы борыш.** 2002 жылдың 1-жартыжылдығында төлем балансының ағымдағы операцияларының есепшот тапшылығы 300 млн. долл. немесе ЖІӨ-нен 2,7% болды. 832 млн. долл. болған тауарлардың таза экспорты 2001 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шамалы (34 млн. долл.) төмендеді. Сондықтан, кірістер балансының тапшылығы қысқарған кезде ағымдағы есепшот тапшылығының өсуі халықаралық қызмет көрсету бойынша дисбаланстың көбеюіне толық себепші болды.

Қызмет көрсету импортының өсуі тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаражаттың түсуіне әкелді, оның басым бөлігі мұнайгаз саласындағы ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталды. 2002 жылғы 6 айда тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағыны 714 млн. долларға жуық болды, бұл ағымдағы операциялардың есепшоты бойынша қаржыландыру қажеттілігін артығымен өтеді. Тікелей инвестициялармен қатар сыртқы қаржыландыру ағыны республика банктері мен кәсіпорындарының орташа мерзімді заемдарды игеруі есебінен де қамтамасыз етілді.

2002 жылғы 1 жартыжылдықта резиденттердің сыртқы экономикалық операциялары бойынша қалыптасқан оң баланс Ұлттық Банктің ресми резервтерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры қаражатының өсімін қамтамасыз етті. Қазіргі уақытта ҚҰБ-нің жалпы алтынвалюта резервтері 3,5 айдан астам тауарлар және қызмет көрсету импортын өтеуді қамтамасыз етті.

Қазақстанның жалпы сыртқы борышы 2002 жылғы 30 маусымда 16,7 млрд. долл. жуық болды, оның ішінде 3,8 млрд. долл. – мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, ал 9,5 млрд. долл. - кәсіпорындардың фирмааралық берешегі. Есепті кезеңде жалпы сыртқы борыштың 1,6 млрд. долл. өсуі негізінен тікелей шетелдік инвестициялардың түсуіне байланысты болды (фирмааралық берешек өсімі – 0,9 млрд. долл.). Республиканың 90%-тен астам жалпы сыртқы борышы ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесіне тиесілі.

**Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.** Ағымдағы жылдың қыркүйегінде Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық резервтерінің көбеюі үрдісі жалғаса түсті.

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы қыркүйекте 2,6%-ке (немесе 78,5 млн. долл.) 3130,6 млн. долларға дейін көбейді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы, сондай-ақ Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі есепшоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын 64,2 млн. доллардан 2568,8 млн. долларға дейін толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 3,8%-ке көбеюі нәтижесінде 14,3 млн. долларға 561,8 млн. долларға дейін ұлғайды.

2002 жылғы 1 қазанда елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда, яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша - 1669,6 млн. долл.) қоса алғанда бір айда 1,9%-ке өсіп, 4802,6 млн. долл. болды.

2002 жылғы 9 айдың ішінде Ұлттық Банк Ұлттық Қорға 152,5 млн. долл. сатты.

Ағымдағы жылдың тамызында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының 2,5%-ке (немесе 4,6 млрд.теңгеге) 183,7 млрд. теңгеге дейін көбеюіне себепші болды.

Қаржы министрлігінің 1997 жылы шығарылған еурооблигацияларды өтеуіне, сондай-ақ Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша ағымдағы төлемдеріне байланысты қазанның басында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері төмендеді. 2002 жылғы 2 қазанда таза халықаралық резервтер 2002 жылғы 30 қыркүйекпен салыстырғанда 12%-ке немесе 377,1 млн. долларға төмендеп, 2753,5 млн. долл. болды. Алайда, кейінгі күндері олар шетел валютасының банктердің және банктік емес қаржы ұйымдардың Ұлттық Банктегі есепшоттарына түсуі, сондай-ақ Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногында сатып алуы есебінен көбейе бастады. 2002 жылғы 8 қазандағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2002 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 97,8 млн. долларға немесе 3,6%-ке ұлғайып, 2851,2 млн. долл. болды. Таза халықаралық резервтердің қазанның басында төмендеуіне қарамастан, 2002

жылғы 8 қазандағы жағдай бойынша олар жыл басынан бері салыстырғанда 13,8%-ке немесе 345,3 млн. долларға өсті.

Ағымдағы жылдың тамызында ақша массасы жыл басынан бастап 11,1%-ке көбейіп, 0,9%-ке 639,7 млрд. теңгеге дейін өсті. Банк жүйесіндегі таза сыртқы активтердің 4,8%-ке өсуі (Ұлттық Қордың активтерін қоспағанда) ақша массасы өсуінің негізгі факторы болды. Экономиканың басқа секторларына банк жүйесі талаптарының 1,3%-ке өсуіне, сондай-ақ оның таза басқа активтерінің 1,6 %-ке өсуіне қарамастан, банк жүйесінің ішкі активтері (Ұлттық Қордың қаражатын есептемегенде) Үкіметке таза талаптарының едәуір төмендеуі (27,1 млрд. теңгеге) салдарынан 5,2%-ке (немесе 13,7 млрд. теңгеге) төмендеді.

Тамыз айында айналыстағы қолма-қол ақша (МО) 2,7 %-ке 141,8 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап 8,1 %-ке өсім) дейін өсті.

Тамызда ақша массасы құрылымындағы депозиттер үлесінің шамалы төмендеуі байқалды: ол айналыстағы қолма-қол ақшаның басым өсуі (2,7 %-ке) салдарынан банк жүйесіндегі депозиттердің өсуімен салыстырғанда (0,4 %-ке) 78,2 %-тен 77,8 %-ке дейін төмендеді. Бұл, өз кезегінде, ақша мультипликаторы мәнінің 3,66-дан 3,57-ге дейін төмендеуіне әкеп соқты.

**Валюта рыногы.** 2002 жылғы қыркүйек валюта рыногындағы тұрақтылықпен сипатталды – бір айдың ішінде теңгенің айырбас бағамы шамалы шекте: бір доллар үшін 154,44 – 154,81 теңгеге өзгерді. 2002 жылғы қыркүйек ішінде теңге АҚШ долларына қатынасы бойынша 0,12%-ке (2001 жылғы қыркүйек - 0,34%) құнсызданды және оның айырбас биржалық бағамы айдың аяғында бір доллар үшін 154,72 теңге болды.

Жыл басынан бастап теңгенің номиналды девальвациясы 2,50% болды. Теңгенің орташа алынған айырбас бағамы 9 айда бір доллар үшін 153,05 теңге болды. Айдың аяғында ресми бағам бір доллар үшін 154,55 теңге деңгейінде белгіленді.

Қыркүйекте биржалық операциялардың көлемі тамыз айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 2,33%-ке азайды (өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 48,29%-ке өсім) және 230,29 млн. долл. болды. Жылдың басынан биржалық операциялар көлемі 1771,925 млн. долл. болды.

2002 жылғы қыркүйекте биржадан тыс валюта рыногындағы операциялар көлемі өсіп, 402,2 млн. долл. болды, бұл өткен айдың көрсеткішінен 26,2%-ке жоғары. 2001 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда операциялар көлемі 18,5%-ке көбейді. Жыл басынан бері банкаралық валюта рыногындағы операциялар көлемі 3 228,48 млн. долл. болды.

**Бағалы қағаздар рыногы.** 2002 жылғы қыркүйекте *Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары* эмиссиясының көлемі 2002 жылғы тамызбен салыстырғанда 3,0 есеге өсіп, 6,8 млрд. теңгеге жетті, бұл олардың айналысын 103,9 млрд. теңгеге дейін 6,4%-ке ұлғаюына әкеп соқты. Қыркүйек айы ішінде қысқа мерзімді 12 айлық МЕККАМ және орта мерзімді 3 және 4 жылдық МЕОКАМ эмиссияланды.

Есепті кезеңде бағалы қағаздардың барлық түрі бойынша кірістіліктің төмендеуі байқалды. Кірістілік 12 айлық МЕККАМ бойынша 6,92%-тен (03.06.02 ж. соңғы аукцион) 6,90%-ке дейін, 3 жылдық МЕОКАМ бойынша 8,47%-тен

8,35%-ке дейін төмендеді, ең жоғары төмендеу 4 жылдық МЕОКАМ бойынша болды – 8,52%-тен 8,16%-ке дейін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қыркүйектегі ноттары эмиссиясының көлемі тамызбен салыстырғанда 19,5%-ке көбейіп, 19,6 млрд. теңгеге жетті, ал олар бойынша кірістілік 5,94%-тен 5,75%-ке төмендеді. Айналыстағы ноттар көлемі 20,3%-ке өсіп, 41,4 млрд. теңге болды.

Тамыз айымен салыстырғанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырған тікелей РЕПО мәмілелерінің көлемі 3,0 есе көбейіп, 86,3 млрд. теңге болды. Кері РЕПО бойынша қыркүйек айы ішінде операциялар жасалған жоқ.

2002 жылғы қыркүйек айының соңында *корпоративтік бағалы қағаздар рыногында* қолданылып жүрген акциялар эмиссиялары бар акционерлік қоғамдардың саны 3133 болды. Қыркүйек айы ішінде жалпы номиналды құны 6,2 млрд. теңге болатын 6 акциялар эмиссиясы және жалпы номиналды құны 305,8 млн. теңге болатын 1 мемлекеттік емес облигациялар эмиссиясы тіркелді. Жалпы номиналды құны 929,4 млн. теңге болатын 11 акциялар эмиссиясы жойылды.

Тамыз айында акциялар және мемлекеттік емес облигациялар бойынша биржалық сатып алу-сату мәмілелерінің көлемі 2,3 млрд. теңгені құрады, бұл шілде айына қарағанда 2,3 есе аз.

Қыркүйек айында бағалы қағаздар рыногында 51 брокер-дилер, 21 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 2 өзін-өзі реттейтін ұйымы және 4 бағалы қағаздар портфелін басқару ұйым жұмыс істеді.

**Депозит рыногы.** 2002 жылғы тамыз айында халық депозиттерінің қосымша көлемінің ағылуы есебінен банктердің ресурстық базасының одан әрі ұлғаюы орын алды (занды тұлғалар депозиттерінің қысқарғанына қарамастан). Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі бір ай ішінде 0,4%-ке, ағымдағы жылдың басынан бері 11,9%-ке ұлғайды және шамамен 497,9 млрд. теңгені (3,2 млрд. доллар) құрады.

Тамыз айында заңды тұлғалардың депозиттері 1,0%-ке азайып, 275,6 млрд. теңгені құрады. Халықтың депозиттері (резидент еместерді қоса алғанда) бір ай ішінде 2,2%-ке өсіп, 227,8 млрд. теңге (шамамен 1,48 млрд. доллар) болды. Бұл ретте халықтың мерзімдер бойынша депозиттерінің құрылымында талап ету бойынша депозиттерімен салыстырғанда мерзімді депозиттердің қарқынды өсуінің оң үрдісі сақталды.

2002 жылғы тамыз айында депозиттер бойынша кірістіліктің деңгейі біршама төмендеді – жеке тұлғалардың теңгемен салынған мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 10,2% (шілдеде – 11,3%), заңды тұлғалардыкі – 4,9% (5,1%) құрады.

**Кредит рыногы.** 2002 жылғы тамыз айында екінші деңгейдегі банктер шамамен 155,5 млрд. теңге сомаға жаңа кредиттер берді.

Тұтастай алғанда, 2002 жылдың басынан бастап 8 ай ішінде банктер нақты секторға 1178,2 млрд. теңге сомаға кредит берді, бұл өткен жылдың осындай кезеңінде берілген кредит көлемінен 1,8 есе көп.

Банктердің экономикаға берген кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2002 жылғы тамызда 2,3%-ке ұлғайып, 577,0 млрд. теңге (валюталық баламасы – 3,74 млрд. доллардан астам) болды. Орта және ұзақ мерзімді кезеңге берілген кредиттер бойынша негізгі борыш 321,7 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ке, ал қысқа мерзімді кредиттер бойынша – 255,3 млрд. теңгені құрай

отырып 4,6%-ке өсті. Нәтижесінде орта және ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 56,8%-тен 55,8%-ке қысқарды.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері 2002 жылғы тамыз айы ішінде 139,8 млрд. теңгені құрай отырып 5,4%-ке өсті немесе экономикаға берілген барлық кредиттің 24,2%-і.

Тамыз айында банктік кредиттер бойынша кірістіліктің деңгейі төмендегідей өзгерді. Заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 20,2% (шілдеде – 15,2%), жеке тұлғаларға – 24,5% (25,2%), ал заңды тұлғаларға шетел валютасымен берілген кредиттер бойынша – 12,0% (13,9%), жеке тұлғаларға – 18,6% (18,7%) болды.

**Банк секторы.** Банк секторындағы жағдай алдыңғы айлардағыдай тұрақты болып қалуда. 2002 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша банктік және өзге операцияларды жүргізуге Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы бар 38 банк жұмыс істеді, оның ішінде 2 мемлекеттік, 16 банк шетелдік қатысумен (Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің еншілес банктерін қоса есептегенде). Халықаралық стандарттарға көшу бойынша бірінші топқа 4, екінші топқа 16 банк жатқызылды.

2002 жылғы тамыз айында банк секторының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердің мынадай өзгерістері байқалды. ҚРҰБ Басқармасының 03.06.2001 жылғы қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелген банктердің жиынтық меншік капиталы 143,4 млрд. теңгеге дейін 3,1%-ке өсті. Банктердің жиынтық активтері 943,7 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ке азайды.

**Еурооблигацияларды өтеу туралы.** 2002 жылғы 2 қазанда Қазақстан Республикасының 1997 жылы 350 млн. АҚШ доллары сомасына шығарылған еурооблигацияларын өтеу жүзеге асырылды. Сыйақы төлеуді ескере отырып, еурооблигациялар ұстаушыларына төлемақылардың жалпы көлемі 364,8 млн. АҚШ долларын (баламасы 56,4 млрд. теңге) құрады. Осы соманы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің қаражаты есебінен толық өтеді.

ЖЗҚ портфельдерінде өтелетін еурооблигацияларды бірдей ауыстыру проблемасын шешу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік бағалы қағаздарының шығарылымы жүзеге асырылады. 2002 жылғы 30 қыркүйектен бастап 8 қазанға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1740 млн. теңгеге бағалы қағаздар орналастырды, ал Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 100214,08 млн. теңгеге қысқа мерзімді ноттар шығарды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдын ала мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының мемлекеттік бағалы қағаздарды инвестициялау лимиттерін төмендетті (кемінде 40%-тен кемінде 35%-ке дейін), сондай-ақ отандық эмитенттердің "А" листингіне енгізілген бағалы қағаздарын (50%-ке дейін) және Қазақстан Даму Банкінің бағалы қағаздарын және ипотекалық облигацияларды (10%-ке дейін) инвестициялау лимиттерін өсірді. Осылайша тұтастай алғанда ЗАБК-да қаражатты инвестициялау жөніндегі нормативтерді орындау бойынша күрделі проблемалар туындамайды.

Сонымен қатар зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар бос ақшасының бір бөлігін Қазақстан Даму Банкінің еурооблигацияларын (айналыс мерзімі 5 жыл, сомасы 100 млн. АҚШ доллары, жылдық купоны – 7,125%) сатып алуға жұмсаған.